



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №21 (1889) 5 МАУСЫМ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тұрақты дамудың барлық 17 мақсаты (ТДМ) бойынша Times Higher Education University Impact Rankings 2023 рейтингіне енген қазақстандық ЖОО-лар арасында көшбасшы университеттердің бірі.

Әлемдік
рейтингте
ҚазҰУ

көрсеткіштері
жоғарылады



TIMES HIGHER
EDUCATION IMPACT
RANKINGS 2023

Times Higher Education University Impact Rankings (THEIR) рейтингінде әлемнің 1591 университеті ранжирленді. Бірқатар мақсаттар бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Top 400-ге енді: ТДМ 1 «Кедейлікті жою», ТДМ 5 «Гендерлік теңдік», ТДМ 6 «Таза су және санитария», ТДМ 10 «Теңсіздікті қысқарту», ТДМ 14 «Теңіз экожүйелерін сақтау», ТДМ 15 «Құрлық экожүйелерін сақтау».

Ағымдағы жылы ҚазҰУ ТДМ 5 «Гендерлік теңдік» бойынша 401-600 позициясынан 301-400-ге, сондай-ақ ТДМ 17 «Тұрақты даму үшін серіктестік» бойынша 801-1000-нан 601-800-ге дейін көтеріліп, позицияларын жақсартты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымын жаңа лайықты жеңісімен құттықтаймыз!

Алмат ИСАДІЛ

Мемлекеттік рәміздер – ұлттық құндылығымыз



Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, білім алушы жастары!

Сіздерді 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздігіміздің басты нышаны – Елтаңба, Ту, Өнұранымыз әрбір Қазақстан азаматы ерекше мақтан тұтатын ұлттық құндылығымыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз құттықтауында:

«Еліміз үшін Көк байрағымыздың, Елтаңбамыз бен

Өнұранымыздың мән-маңызы айрықша. Бұл құндылықтар бойымызға зор мақтаныш және жауапкершілік сезімін ұялатады. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу – әр азаматтың қастерлі парызы», – деп атап өтті.

Мемлекеттік рәміздер қазақстандықтарды біріктіруде, жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеуде ерекше маңызға ие. Елтаңбамызды төрімізге іліп, Туымызды биікте желбіретіп, Өнұранымызды жүрекпен айту – бабалар арманының орындалғанының айқын көрінісі. Тәуелсіздігіміздің қасиеті тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз жаңа, әділетті Қазақстан құру жолында біртұтас халық ретінде мемлекеттігімізді нығайтуға үндейді.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, елдігіміз баянды болсын! Шаңырақтарыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс, жақындарыңызға амандық тілеймін.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

SUN желісімен байланыс нығаяды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Жібек жолы университеттері желісінің (SUN) бас хатшысы Хван Сундонмен кездесті.

ҚазҰУ осы ұйымның негізін қалаушылардың бірі және SUN (Silk Road Universities Network)

Директорлар кеңесінің мүшесі. Халықаралық ұйым әлемнің 28 еліндегі (Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия, Орталық Азия, Еуропа, Таяу Шығыс, АҚШ) 81 университет пен институтты біріктіріп, Жібек жолын зерттеу мәселелерімен айналысуда. Жыл сайын халықаралық конференциялар өткізіп, түрлі мәдени бағдарламаларды жүзеге асырады.

«Біз ұйымның бастамасымен жүзеге асырылатын барлық жобаларға белсенді қатысуға,



сондай-ақ ҚазҰУ-да ауқымды шаралар өткізуге дайынбыз. Ортақ ғылыми және білім беру жобаларын тиімді жүзеге асыру үшін SUN мүшелерінің бірлесіп жұмыс атқарғанын қолдаймыз», – деді ректор Жансейіт Түймебаев.

Жібек жолы университеттері желісінің бас хатшысы Хван Сундон ҚазҰУ-да университеттің 90 жылдығын мерекелеу аясында 2024 жылы халықаралық, экономикалық конференция өт-

кізу ұсынысын ортаға салды. Сондай-ақ ҚазҰУ студенттерін SUN тарапынан өткізетін фотография, жазу және спикерлер номинациялары бойынша өтетін байқауларға тартқысы келетінін айтты.

«Биылғы спикерлер байқауы Румыния астанасы Бухарест қаласында өтеді. Біз ҚазҰУ студенттерін осы байқауға қатысуға шақырамыз», – деді ол.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Күнсұлу Закарьямен кездесу өткізді.

ҰҒА президенті бастамаларға қолдау білдірді



Жүздесуде университет ректоры Жансейіт Түймебаев академия басшысы Күнсұлу Дальтонқызына ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлар туралы ақпарат беріп, оқу ордасының ғылыми инфрақұрылымымен таныстырды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зерттеу мәртебесін алғаннан кейін ғылымға басымдық беру бағыттарын күшейтуде. Бүгінде университет ғалымдары 100 инновациялық жоба әзірлеп шықты. Қазіргі таңда ғылыми жобаларды ілгерілету және коммерцияландыру бағытында жұмыстар

жүргізілуде. Сонымен қатар студенттер дайындаған стартаптар бар. Университетте 16 факультет, 8 ғылыми-зерттеу институты, 29 ғылыми орталық пен Ғылыми-технологиялық паркі жұмыс істейді. Алдағы уақытта ҚазҰУ мен Ұлттық ғылым академиясы арасындағы ынтымақтастықты жандандырып, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру қажет», – деді ректор.

Өз кезегінде ҚР ҰҒА президенті Күнсұлу Закарья серіктестікті дамытуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Цукуба университетінің вице-президенті, профессор Онеда Осаманен кездесіп, өзара тиімді ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

Студенттеріміз Цукуба университетіне оқуға барады



Университет басшысы өз сөзінде 2022 жылы Campus on Campus Директорлар кеңесінің 8-ші отырысы аясында Гренобль-Альпы университетінің (Гренобль, Франция) базасында Цукуба университетінің президенті, профессор Нагата Киосукэмен маңызды кездесу өткенін және онда екі университет арасындағы серіктестіктің өзекті бағыттары айқындалғанын атап өтті.

Университет студенттері мен оқытушыларының академиялық ұтқырлығын арттыруға бағытталған Campus on Campus жобасы аясында 2022/23 оқу жылында ҚазҰУ-дың әртүрлі факультеттерінен бакалавр, магистр және


докторантурадан 25 студент Цукуба университетіне оқуға жіберілді. Сонымен қатар Цукуба университетінің 19 студенті қысқы мектепке ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіне келген.

«Университетте шығыстану факультеті мен Қиыр Шығыс елдері кафедрасы табысты жұмыс істеп келеді. Жапон тілі мен әдебиеті бөлімінің 30 жылдық қызметі барысында 200-ден астам студент жапон тілін меңгерген. Профессор Ниномия Такаши факультетте 10 жылдан бері жапон тілінен сабақ береді», – деп атап өтті ректор.

Света ӨМІРФАЛИЕВА

Инновациялық жобалар бірлесіп іске асырылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасының сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаевпен кездесу өткізді. Жүздесу барысында ҚР Сауда және интеграция министрілігі мен ҚазҰУ арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



Бұл құжат университетте коммерцияландырудан өткен ғылыми жобаларды дамытуға және Қазақстанның шикізаттық емес экспортын ұлғайтуға бағытталған бастамаларды бірлесіп жүзеге асыруға ықпал етеді.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев вице-министрге ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымын таныстырып, білім ордасындағы ғылыми жобалар туралы ақпарат берді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің ішкі сұранысын өтеу үшін ең алдымен ішкі нарыққа бағытталған өңдеу өнеркәсібін дамыту қажеттігін тапсырды. Бұл саланы инновация

мен жоғары технология ғана жедел дамыта алады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғалымдар әзірлеген 100-ден астам инновациялық жоба бар. Қазіргі таңда аталған ғылыми жобаларды коммерцияландыру бойынша жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі бастама университет ғалымдарының әзірлемелерін әрі қарай дамытуға сеп болады деп есептеймін», – деді ректор.

Өз кезегінде ҚР сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев ҚазҰУ жетістігін жоғары бағалап, еліміздің сауда экспортын дамытуда ғалымдардың үлесін арттыру қажет екенін атап өтті.


«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылым және технология жағынан еліміздегі көшбасшы университеттің бірі. Алдағы уақытта университеттегі инновациялық жобаларды бірлесіп ілгерілету, шикізаттық емес экспортты дамытуға қатысты ақпарат, статистикалық деректер туралы ақпарат алмасу, QazTrade Academy-мен экспортқа шығару жөнінде шағын және орта бизнесті оқыту бойынша ынтымақтастық және т.б. бағыттарда нақты жұмыстарды атқаратын боламыз», – деді вице-министр.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

GOOGLE өкілімен кездесу

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Орталық Азия мен Моңғолиядағы Google for Developers және Google for Startups үйлестірушісі Асқар Айтуовты қабылдады.

Әңгіме барысында университеттегі Google студенттік клубы жұмысын жетілдіру және жастардың интеллектуалдық қабілеттерін арттыру үшін оларды Google



жарыстарына қатыстыру мәселесі талқыланды.

Ректор Google өкіліне ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымын дамыту барысы туралы айтып,


университет базасында студенттер әзірлеген нәтижелі инновациялық стартаптарға тоқталды.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Ректор Ош университеті делегациясын қабылдады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ректор Құдайберді Ғапаралыұлы Қожабеков бастаған Ош мемлекеттік университетінің делегациясы келді.

Қырғыз делегациясы ҚазҰУ департаменттерінің басшыларымен жұмыс кездесуіне қатысып, онда университеттің IT инфрақұрылымын дамыту және білім беру бағдарламаларын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпаратпен танысты. Содан кейін Ош мемлекеттік университетінің делегациясын ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қабылдады.



ҚазҰУ-дың Орталық Азия жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық аясы жыл сайын кеңейіп келеді және бүгінгі күні 30-дан астам келісімге қол қойылған.

Қырғыз Республикасының жоғары оқу орындарымен 12 келісім жасалған.

Гүл БАЯНДИНА

Ұлт зиялысына ескерткіш тақта ашылды

Алматыда Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, экономика ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Көпжасар Нәрібаевтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақта ашылды.



Түймебаев, академик Көпжасар Нәрібаевтың отбасы мүшелері мен туыстары, әріптес-достары,

шәкірттері, зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

«Көпжасар Нәрібайұлы ғылыммен қатар, мемлекет ісіне араласып, экономикалық реформаларға атсалысты. Қазақ ССР жоғары және арнайы орта білім министрінің орынбасары, министр болды. Ғылым академиясының Экономика институтында жұмыс істеді. ҚР Премьер-министрінің білім және ғылым саласы бойынша кеңесшісі болды. Көпжасар Нәрібайұлының ғылыми-педагогикалық еңбек жолының елеулі кезеңі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры қызметін атқарған кезеңі. Осы жылдар ішінде университетіміздің халықаралық беделін көтеруге, ғылымды дамытуға күш салды. Университетімізге ұлы ойшыл әл-Фараби есімін беруде үлкен еңбек сіңірді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұйымдастырған «Заманауи тілтанымдық зерттеулер» тақырыбындағы стенд-конференциясына қатысты.

Тіл білімі институтымен тарихи сабақтастық бар



«Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақ университетінде оқытушы болып, дәріс берген. Ғылымды академиялық жолмен ұйымдастыру мақсатында академиялық орталық құрып, кейіннен оның базасында Қазақ ғылым академиясының негізі қаланды. Сол уақыттан бері жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы та-

рих сабақтастық орнап, бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Сөзіміздің жарқын мысалы ретінде ҚазҰУ мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының өзара ынтымақтастығын айтуға болады», – деді ректор.

Сонымен қатар шара барысында тоғыз ғылыми кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Қаламгердің мерейтойы атап өтілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-журналист Уәлихан Қалижанның 75 жылдық мерейтойына арналған «Қаламгер, қайраткер, саясаткер» атты салтанатты жиын өтті.



Шараның ашылуында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мерейтой иесіне арналған құттықтау хаты оқылды. «Уәлихан Қалижанұлы қара шаңырақ ҚазҰУ-да білім алып, еліміздің ақпарат саласында абыройлы қызметтер атқарды. «Ұлан», «Жас Алаш» газеттерін басқарып, қазақ баспасөзін жаңа белеске көтеріп, жас журналистерді шыңдауға тер төкті. Жоғарғы Кеңестің депутаты бо-

лып, Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары министрлігінде, Президент Әкімшілігінде жауапты қызметтер атқарды. Еліміздің бас газеті – «Егемен Қазақстан» басылымына басшылық жасап, өзіндік журналистика мектебін қалыптастырды. Парламент Мәжілісінің үш шақырылымында депутат болып, елдік мәселелерге атсалысты. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын басқарып, рухани жобаларды іске асырды. Әдеби

көркем шығармалары мен публицистикалық еңбектері оқырманның жоғары бағасын алды», – деп атап өтті ректор. Сондай-ақ жиында мерейтой иесіне ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қожановтың құттықтау хаттары табысталды.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақтау қаласында өткен XII жазғы универсиада жеңімпаздарын марапаттады. ҚазҰУ-дың үстел теннисінен құрама командасы жарысты сәтті бастап, жүлделі орындарды жеңіп алды.

XII жазғы универсиада жеңімпаздары марапатталды



Университет басшысы ҚазҰУ құрама командасы жазғы универсиадада тоғыз жылдан бері командалық есепте жеңімпаз болып келе жатқанын тілге тиек етіп, жеңімпаздар мен жаттықтырушыларды XII жазғы универсиадада үздік өнер көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапаттады.

Айта кетсек, үстел теннисінен ҚазҰУ-дың ерлер командасы: Санжар Жұбанов, Ерасыл Ғаниденов, Есенгелді Рамазанов 2-орын және жеке есепте бір алтын медальді

жеңіп алды. Ал жүзуден қыздар құрама командасы: Еңлік Ұлтарақова, Анастасия Графинина, Әсем Мелисова, Ангелина Толмачева, Людмила Яковлева 1-орынды иеленсе, ал ерлер командасы: Нұрдәулет Жұмағали, Ален Охотинский, Елдар Шекербек, Темірлан Әбдіраимов 2-орынға табан тиреді. Жеке есепте жүзшілер 12 алтын, 10 күміс және 2 қола медаль иеленді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Фотошежіре альбомы - тарихи шежіре

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінің 80 жылдығына арналған «Қазақ әдебиеті: фотошежіре 1920-1970 жылдар» атты фотоальбомның тұсаукесер рәсіміне қатысты.



«Бүгінгі жинақ жастар үшін үлкен жәдігер. Фотоқұжаттар жас ұрпақты өткен кезеңмен таныстыруда, тарихи сананы жаңғыртуда ерекше рөл атқарады. Ерекше фотожинақты құрастыруда мемлекет және қоғам қайраткері Жанай Омаровтың еңбегі зор. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде

«Архивтану және деректану» білім беру бағдарламасы 1991 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Университет архившілер мен құжаттанушы мамандарды даярлауда жетекші орында. Өткен жылы ҚазҰУ-да халықаралық архившілер конгресін өткіздік. Біздің университет алдағы уақытта да архив орталығымен тығыз қа-

рым-қатынаста ынтымақтастығын жалғастыра береді», – деді ректор.

«Қазақ әдебиеті: фотошежіре» фотоальбомы 1920-1970 жылдар аралығын қамтиды. Құрастырушы – белгілі публицист Жанай Омаров.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті бейіндік мектебі түлектерінің соңғы қоңырау кеші өтті.

Бейіндік мектеп түлектеріне сәттілік тіледі



«Университет тарихында алғаш рет кең көлемде ұйымдастырылған соңғы қоңырау салтанатына 70 мектеп бітіруші, 56 колледж бітіруші, 800 тыңдаушы қатысты. Дайындық курсы тыңдаушылардың арасында қандастарымыз, шетелдік студенттер, колледж студенттері бар.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде Қазақстанмен қатар, Иран, Моңғолия,

Ауғанстан, Үндістан, Пәкістан, Жапония, Қытай, Түркия, Өзбекстан елдерінен келген балалар оқиды. Болашақта сіздерді ҚазҰУ студенттері қатарынан көргіміз келеді», – деді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев. Кеш соңы концерттік шараға ұласты.

Света ӨМІРҒАЛИЕВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да тарихшы-ғалым, профессор Талас Омарбековтің 75 жылдығына және қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған «Тарихпен өрілген тағдыр» атты конференция өтті. Шара «Фибратты ғұмыр: Талас Омарбеков» атты кітаптың тұсаукесерімен басталды. Кітап ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен жарыққа шықты.

Бұл кітап қазақ ғылымының тарихынан ойып тұрып орын алған зерделі ғалым, ҚР ҰҒА құр-

метті академигі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Талас Омарбековтің өмірі мен шығармашылық мұрасына арналды. Еңбекте ғалымның өмірі мен қызметі, әріптестері мен шәкірттерінің естеліктері, сүбелі жазбалары, соңғы сұхбаттары жарияланған.

Тарих факультетінің деканы, тарих ғылымының докторы, профессор Досбол Байғонақов өз кезегінде білім ордасының басшысы Ж.Түймебаевтың құттықтау сөзін, іс-шараға қатысушыларға деген ықыласын жеткізді. Сондай-ақ факультетте қуғын-сүргін құрбандарын зерттеудің бағыттары жайлы сөз қозғады.

Тұсаукесердің модераторы,

Тарихшыға тағзым



тарих ғылымының докторы, профессор, ҰҒА академигі Берекет Кәрібаев жиналған қауымға ға-

лымның өмірі мен қызметі, ғылыми мұрасы туралы кеңінен баяндап берді.

Тұсаукесер рәсіміне Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, т.ғ.д., ҰҒА корреспондент-мүшесі З.Қабұлдинов, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаттың директоры С.Шілдебай, академик М.Қойгелдиев, С.Елубай, профессор М.Абдилов, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Х.Әбжанов, профессор Ж.Дәдебаев, профессор Қ.Әбдезұлы, профессор Н.Мұхаметханұлы және көптеген тарихшылар қаты-

сып, ғалымның зерттеушілік шеберлігін, ғылыми мұрасы мен адамгершілік болмысын баяндап, мағыналы естеліктерімен бөлісті. Басқосу барысында Талас Омарбековтің замандастары, шәкірттері, туыстарының естелік әңгімелері айтылып, жары мен баласына сөз берілді.

Іс-шарада Талас Омарбековтің ғылыми ұстанымдары мен тұжырымдары туралы видеоролик көрсетілді.

Жиынға қатысқан көрнекті ғалымдар жылы лебізімен қоса, болашақта зерттеушінің артында қалған мұрасын насихаттау қажеттігін айтты. Талас Омарбековтің ғылыми мұрасы мен шығармашылық жолын насихаттау және сақтау бойынша ұсыныстарды қорытындылады.

Тағы бір айтарымыз, шара барысында ғалымның кітаптары және Талас Омарбеков жайында бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген естеліктер көрмесі ұйымдастырылды.

Жұмахан АРЫНОВ,
тарих ғылымының
кандидаты, доцент

Метеоролог студенттер өндірістік тәжірибеден өтті

Өндірістік тәжірибе – студенттің дайындық кезеңіндегі ең маңызды кездің бірі. Бұл өндіріс процесін іштей танып білетін, оқу барысында алған білімді тиянақтайтын және қолданатын уақыт. Сондай-ақ студенттер өндірістік тәжірибе кезінде кәсіпорынның қызмет ету ерекшеліктерін көреді әрі бұл теориялық білімнен жан-жақты ерекшеленетін тәжірибелік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттер оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасатыны анық. Ал бұл кез келген кәсіпорын үшін өз қатарын жас, дарынды, білімді, білікті мамандармен толықтыру мүмкіндігі екені айдан анық. Осы орайда, география және табиғатты пайдалану факультеті Метеорология және гидрология кафедрасының 4-курс студенттері де жаңа білім алуға және өздерінің тәжірибелік мүмкіндіктерін кеңейтуге ұмытыла отырып, «Қазгидромет» РМК-ның республика бойынша филиалдарында өндірістік тәжірибеден өтті.

Тәжірибе барысында «Қазгидромет» РМК филиалының жалпы жұмыс режимі, ондағы атқарылатын жұмыс түрлері және қызметкерлер туралы танысу жұмыстары жүргізілді.

Синоптик маман қысқа мерзімді болжау бөлімінде жер картасымен қатар, биіктік карталарын да өңдеп, талдау жасайды. Арнайы әдістемелерді қолдану арқылы ауа райына болжау жүргізеді. Ауа ластануының мәліметтері бойынша айлық бюллетендер жасалады.

Алматы қаласындағы филиал Алматы қаласы, Алматы облысы және жалпы ҚР территориясындағы таулы өңірлерге ауа райы болжамын жасайды. Ол метеорологиялық болжам ғана емес, сонымен қатар қар көшкіні, сел қаупі, су тасқыны болу қауіптері және т.б. ауа райының қауіпті құбылыстары жөніндегі мәліметтермен төтенше жағдайлар мекемесін қамтамасыз етеді.

Синоптиктер филиалда тәулік бойы кезекшілікпен жұмыс істейді (таңғы 08:00-ден 08:00-ге де-

йін). Таңғы 06:00-де бақылау жасалатын күн туралы мәліметтерді жіберіп, бақыланған тәулікте байқалған ерекше құбылыстарды, синоптикалық жағдайлар туралы және қауіпті метеорологиялық құбылыстар байқалған уақытта келесі келетін кезекші синоптикке баяндап береді.

Синоптик өзінің жұмыс күнін сол тәулікке арналған жер картасын, абсолюттік топография (850, 700, 500 гПа) және салыстырмалы топография (0Т 500/1000)



карталарын өңдеуден бастайды. Синоптикалық карталарды өңдеу барысында жалпы болжам жасалып, арнайы бланк қағаз жүзінде толтырылады және бұл әрекеттерді орындау барысында Алматы қаласының бланкісін толтыру Өзбекстан Гидромет орталығының бланкісімен салыстыру арқылы жүзеге асады. Дәл осылай Батыс Қазақстан аудандары Түркия елінің Гидромет орталығы мәліметтерімен қарастырылады. Себебі Түркияда

Қазақстанның батыс территорияларына қажет мәліметтердің өңделу және толтыру уақыттары сәйкес келеді.


Болжам жасалатын күнге жасалатын бланк қолайсыз метеорологиялық жағдай жоспарында электронды түрде де толтырылып, бір күндік дайын болжам алынады. Яғни синоптик өзінің жұмыс күнін ауа райы болжамдарын толықтыру және қауіпті штормдық жағдайлар байқалуы мүмкін болса, сол жайында ақпаратты

Төтенше жағдайлар министрлігіне хабарлаумен бастайды. Қауіпті метеорологиялық құбылыстар байқалуы мүмкін болған жағдайда сол аудан тұрғындарына 112-ден хабарламалар жолданады.

Гидрометеорологиялық болжамдардан басқа, ауаның ластану деңгейі анықталады, яғни Р параметрінің мөлшері анықталады және ауаның ластануына, оның таралуына әсер ететін метеопараметрлерді толтырады (3-сурет). Оларға жер беті мен 850 мб деңгейіндегі ауа температурасы (12-48 сағат), жел жылдамдығы мен бағыты, минималды және максималды ауа температурасы, жауын-шашын көрсеткіштері жатады. Сонымен қатар ауаның ластануына әсер ететін элементтер туралы мәліметтер де қарастырылады. Бұл мәліметтерді арнайы химик мамандары сағат 12:00-де жібереді. Алынған барлық мәліметтер біріктіріліп, «Қазгидромет» РМК сайтына жүктеледі. Тәжірибеден өту күндері төрт күн қатарынан Алматы қаласы қызыл аймақта болған жағдайлар да кездесті.

Метеорология мамандығының 4-курс студенттеріне «Қазгидромет» РМК республика бойынша филиалдарында өткен өндірістік тәжірибе болашақ жұмыс барысын игеруге, олардың өз мамандығына деген қызығушылығын арттыруға түрткі болды. Сонымен қатар жұмыстың реттілігімен, зерттеу түрлерімен танысуда зор тәжірибе жинақтады.

Гүлнұр МУСРАЛИНОВА,
Метеорология және
гидрология кафедрасының
аға оқытушысы



Заманауи қаржыгер қандай мамандық?

Мемлекеттердің пайда болуымен қазынаны басқаратын адамдар – алғашқы қаржыгерлер пайда болды. «Қаржы» термині тамплиарлар тұсында, XIII-XV ғасырларда Италияның сауда қалаларында қолданыла бастады. Бүгінде инновациялық бизнесті дамытуда және оны цифрландыруда қаржыгер мамандығының танымалдылығы артты. Олар компанияларға өзгерістер дәуірінде де нық тұруға көмектеседі.



Қазір компанияда бірде-бір маңызды шешім қаржыгердің қатысуынсыз қабылданбайды. Өйткені ол компанияға сандарға негізделген ақылды және саналы шешімдер қабылдауға көмектесетін толыққанды серіктес.

Қаржыгерлер түрлі салаларда жұмыс істей алады: банк ісі мен аудиттен – FMCG-ге және IT-ға дейін. Айта кету керек, бұл мамандық әрқашан сұранысқа ие болады, себебі ол әлемде болып жатқан әртүрлі жағдайға байланысты өзгереді. Қаржы мамандары компанияларға тәуекелді есептеуге, шығындарды азайтуға немесе өнімнің ROI-ін арттыруға көмектеседі, $ROI = (\text{Кіріс} / \text{Шығындар}) \times 100\%$. Ең бастысы, олар қаржылық шығындарды азайта алады немесе тіпті алдын алады.

Сонымен қатар мамандық FMCG, IT, ғылым, консалтинг, фармацевтика, телекоммуникация, ретейл, өнеркәсіп – кез келген жерде жұмыс істей аласыз. Өйткені қаржы – кез келген бизнесті жетілдірудің ажырамас бөлігі.

ҚАРЖЫГЕР НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Hard skills:

- Бухгалтерлік есеп туралы түсінік. Маман қаржылық есеп беруді дайындап, оқи білуі тиіс.
- Қаржылық модельдеу дағдылары. Қаржылық модель – бизнестің дамуын болжауға, әртүрлі көрсеткіштерді есептеуге және мүмкін болатын тәуекелдердің алдын алуға көмектесетін құрал.
- Офистік бағдарламаларды білу. Ең болмағанда базалық деңгейде бағдарламалай білу тіпті жақсы. Мамандық өзгеруде және таныс Excel енді жеткіліксіз. Бағдарламалау тілдері деректерді визуализациялауға мүмкіндік береді. Мысалы, бақылау тақталарын жасаңыз және оларды динамика мен трендтерді зерттеу үшін пайдаланыңыз.
- Экономика саласындағы

жалпы эрудиция. Бұл әрбір қаржыгер үшін негіз, өйткені бизнес пен нарықтың қалай жұмыс істейтіні туралы түсінік береді.

Soft skills:

- **Кәсіби шеберлік.** Қаржыгер бизнеспен байланысты болуы мүмкін көптеген тәуекелдерді азайтуға және болдырмауға жауапты. Сондықтан болашақ оқиғаларды болжай білу – негізгі дағдылардың бірі.
 - **Жан-жақтылық.** Бұл маман компанияның әртүрлі бөлімдерімен және сыртқы мүдделі тараптармен жиі байланыста болады. Сондықтан қарым-қатынас жасау қабілеті өте маңызды.
 - **Бастамашылдық.** Қаржыгердің белсенді ұстанымы болуы керек. Өйткені ол бизнестің алға жылжуына көмек береді.
- Қаржы саласындағы мансапқа үміткер адам қандай болуы тиіс? Оның қаржылық немесе экономикалық арнайы білімі болуы керек. Ол математикалық модельдеу әдістеріне, ақпаратты жинауға және талдауға шынайы қызығушылық танытады. Ең бастысы, қаржы секторындағы эрудицияның жоғары деңгейінің болуы.

ҚАРЖЫГЕР МАМАНДЫҒЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІГІ

Артықшылығы:

- **Жақсы перспективалар.** Мамандық кез келген бизнесте сұранысқа ие, яғни сіз әртүрлі компанияларда жұмыс істей аласыз және жаңа мүмкіндіктер ашатын түрлі тәжірибе жинайсыз.
- **Тұрақты өсу.** Қаржы әлемдегі өзгерістерге бірден жауап береді. Бұл мамандық өкілдерін тың қалыпта ұстайды: жаңа сынақтарға дайындалу үшін адам өзін-өзі дамытумен айналысу керек.

Кемшілігі:

- **Жоғары жүктеме.** Көптеген мамандар қайта өңдеумен

айналысады. Олар күніне 10 сағаттан астам жұмыс істейді. Сонымен қатар нарықтағы қазіргі жағдайды үнемі бақылап отыруға тиіс. Мұндай қарқынды ырғақ созылмалы шаршауға әкелуі мүмкін.

- **Үлкен жауапкершілік.** Қаржыгердің кішкене қате есептеуі компанияға үлкен шығын әкелуі мүмкін.

Мансап болашағы

Қаржыгердің стажерден директорға – қаржы саласындағы негізгі тұлғаға дейінгі жолында бірнеше кезең бар. Ол тренинг менеджермен тығыз байланыста жұмыс істейді. Маман лауазымында уақыттың көп бөлігі техникалық тапсырмалар мен өзін-өзі дамытуға жұмсалады. Келесі қадам – менеджер. Осы сыныптан бастап қызметкер басқару тәжірибесін ала бастайды, ал келесі лауазымда ол компания бизнесіндегі жаһандық өзгерістерді басқаруы керек.

Мансаптық өсуді жеделдету үшін сарапшылар өзіңіздің қабілетіңізді көрсетуге және көбірек жауапкершілік алуға кеңес береді. Интернет лауазымында болса да, сіз ілгерілетуді ұсына аласыз. Ал менеджер сіздің өсуге ұмтылуыңызды міндетті түрде атап өтеді және бағалайды. Және, әрине, танымды дамыту туралы ұмытпаңыз. Қаржы-экономикалық сала өте жылдам өзгереді, сондықтан мұнда үнемі білім алу маңызды.

Шығармашылықпен айналысудан қорықпаңыз. Ештеңе жасамайтындар ғана қателеспейді. Бәлкім, бұл ойдан шығарылған сөз, бірақ ол шындықты толық көрсетеді. Тәсілдермен тәжірибе жасаңыз, жаңа нәрсе жасауға тырысыңыз. Тек осылайша сіз тәжірибе жинап, қалай әрекет ету керектігін түсінесіз.

Оңайхан ЖӘДІГЕРОВА,
экономика ғылымының кандидаты

Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері синтетикалық катинондар мен «жаңа психоактивті заттардың» басқа түрлеріне (NPS) немесе «заңды деңгейлерге» алаңдайды. NPS – бұл қолданыстағы дәрі-дәрмектерді имитациялайтын, реттелмейтін зат. Олар көбіне заңсыз болып қалмауға көмек беретін өзгертілген химиялық құрылымдарға ие. Бұларды кейде «заңды деңгей» деп атайды, өйткені химиялық заттардың өзгеруі ол енді заңсыз емес. Кейбір елдер есірткіге қатысты заңдарын бейімдеп, химиялық құрамына қарамастан, мұндай дәрі-дәрмектерді заңсыз деп таныды.

Жастардың есірткіге елігуі - қоғамдық мәселе

Мефедрон – психикалық белсенді препарат, ол психикалық функцияны, физикалық функцияны немесе екеуін де уақытша күшейтеді. Бұл – синтетикалық стимулятор. Мефедронды қолданғанда ынталандыру сезімін тудырады және мынадай функцияларды күшейтеді: байқампаздық, мазасыздық, эйфория, толқу, сөйлесуге деген ұмтылыс, ашықтық, жыныстық қатынас. Кейбір жастар мұндай сезім өз-өзін сенімді, еркін және сергек сезінуге мәжбүр етеді деп ойлайды. Мефедронды қолданатын адамдар оның әсері шамамен бір сағатқа созылатынын айтады. Негізінен, бұл экстази мен кокаинді тұтынудағы сезімдерге ұқсас. Мефедронды қолданушыларға жүргізілген сауалнама нәтижесінде: 1) пайдаланушылардың 67 пайызы шамадан тыс тершеңдікке ұшыраған; 2) 51 пайызының жүрек соғысының жоғарылауы байқалған; 3) 43 пайызында жүрек соғысының жоғарылауы байқалған; 4) 27 пайызы жүрек айнуын сезінген; 5) 15 пайызының саусақтары көгерген немесе суық болған.

Мефедрон пайдаланатын нашақорлар 11 және одан жоғары жастағы жасөспірімдер, көбіне лауазымдық тұлғалардың балалары арасынан табылды. Бұл өте өкінішті жағдай. Жасөспірімнің жастайынан есірткіге елігуі – қоғамдық мәселе. Алматы қаласында есірткі түйткілі күннен-күнге ұшығуда. Соңғы жаңалықтарда кемелет жасына толмаған бармендердің, аспаздардың арасында «мүлік салушылардың» табылып жатқаны айтылады. Жыл басынан бері есірткінің заңсыз сауда айналымынан 60 келіден астам есірткілік заттар мен 7,5 келі синтетикалық есірткі тәркіленді.

Narkostop жобасының еріктісі, қоғам қайраткері Жанна Нұрсейітованың өз тәжірибесінде көрген бірнеше фактілерге көз салсақ, қазір жастар қауымы синтетикалық есірткілерді ойын-сауық кештерінде еркін қолданады. Яғни олардың басты мақсаты – көңіл көтеру. Егер есірткіге тәуелділік басталса, нашақор 12 жылдан кейін бауыр циррозынан қайтыс болады. Ал жүйке жүйесінің тұрақсыздығы 4-5 жыл ішінде бас көтеріп кетеді және мұндай адам тіпті ертеңгі күніне жоспар құра алмайтын деңгейге жетеді. Жоба еріктілері кездестірген ең жас нашақор 11 жаста және ол трамадолға тәуелді болған. Ұзақ



уақыт бойы еркін сатылымда болған есірткілік зат бүгінгі таңда дәріхана сатылымынан алынып тасталды. Өткен жылы ЖОО және колледж студенттері арасында жүргізілген зерттеу қорытындыларына қарағанда, есірткіні қолдану жиілігінің төменгі шегі 14-29 жас аралығы болғанын байқадық.

Жалпы, синтетикалық есірткілерге тәуелділік әлемдік пандемияның жылдам дамуына сәйкес өсіп жатыр. Мысалы, бір нашақор жылына бес адамды тәуелді етеді екен. Оның бір себебі, біріншіден, елімізде есірткі және тәуелділік туралы халықтың білімі мен сауаттылығының төмен деңгейде болуы; екіншіден, елімізде нашақорларды емдеу орталықтарының болмауы. Жеке клиникалар ашылғанымен, олардың білігіне және емдік шаралардың тиімділігіне тексеріс жүргізілмейді. Тәуелділік – психикалық ауру. Есірткіге тәуелді болған адам ешқашан толық сауығып кетпейді. Оның статистикасы қатерлі ісіктің соңғы кезеңімен бірдей, яғни сауығу деңгейі өте төмен.

Әрбір азамат қоғам тыныштығы, саулығы, өміршеңдігі үшін нашақорлыққа табанды түрде қарсы тұруға тиіс. Сөзімізді қорытындылай келе, «жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп халқымыз бекер айтпағанын тағы бір еске салғымыз келеді. Жақсыны көріп, тыңдап, соған ұқсауға тырысу керек. Жаман әдетті көріп-біліп, зардабын сезіп, бойыңды аулақ ұстау білімділіктің, көрегенділіктің белгісі. Өсер елдің баласына лайық салмақты, сабырлы, білімді, жат қылықтан аулақ, елдің ертеңгі азаматы болуға шақырамыз. Сондықтан елімізде салауатты өмір салтының сақталуы үшін бір кісідей атсалысайық.

Нұржанат АБЛАЙХАНОВА,
Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының профессоры, б.ғ.к.

Нағима СЕЙДАЛИЕВА,
оқытушы

Чурсин Михаил Витальевич выпускник кафедры китаеведения факультета востоковедения КазНУ им. Аль-Фараби, со знанием казахского, английского и китайского языков. В настоящее время является менеджером корпоративного отдела Хуавей Текнолоджиз, г-жа заведует развитие энергетического сектора РК, писателем, а также одним из главных представителей компании-работодателя кафедры китаеведения факультета востоковедения КазНУ им. Аль-Фараби. Недавно Михаил Витальевич посетил свою альма-матер и презентовал книгу – «Ревность девятого солнца». Пользуясь случаем, кафедра китаеведения провела интервью, в котором Чурсин Михаил Витальевич поделился мнением по самым актуальным вопросам.



– Работа и творчество. Чем вы занимаетесь помимо работы?

– В 2012 году вышел мой перевод Слов назиданий Абая. Я читал это произведение в оригинале и находился под глубоким впечатлением, по сей день считая данный труд одним из наиболее значимых для казахского народа в целом. Немного позже я прочитал один из переводов и поймал себя на мысли, что воспринимается текст не так, как было на казахском языке. Так родилась идея перевода. Я читал Слова назидания на казахском, смотрел переводы вставок на арабском языке. Сравнивал разные переводы на русский и подготовил свою версию. После своего успешного участия в программе обмена студентами в 2014 года вышла моя следующая

– Образование в Казахстане. Успех в руках ищущего. Сегодня многие ребята стремятся зарубеж, Михаил, что вы думаете об образовании в Казахстане?

– На текущий момент в Казахстане прекрасно выстроена система обучения, функционирует большое количество высококлассных ВУЗов с международной сертификацией и мировым признанием. Разумеется, к вопросу выбора университета нужно подходить максимально ответственно, но имея желание и стремление хорошо учиться, получать качественное образование, в Казахстане более чем возможно. Ведущие заведения страны оснащены лучшим оборудованием, программы обучения предлагают зарубежных специалистов, а профессорский состав так же проходит специализированные курсы за границей.

Я закончил бакалавриат в КазНУ имени Аль-Фараби, факультет востоковедения в 2015 году и могу сказать, что с гордостью делюсь этим, где бы не находился. Во время обучения дается мощная и профессиональная база, преподаватели поддерживают начинания студентов и задают верное направление. А студент, как говорится, это человек, который ищет, и если он прислушивается к наставникам, проявляет должные дерзость и инициативность, то непременно добивается успеха. Во время обучения на магистратуре в Китае, в Пекинском университете языка и культуры, в период с 2015 по 2018 год, мне довелось встретиться с большим количеством иностранными студентами, среди которых многие так же зачислялись ВУЗы в своих странах. Отталкиваясь от полученного багажа знаний и навыков в КазНУ, могу уверенно сказать, что мой уровень был если не на уровне, то значительно выше, чем у выпускников европейских и американских ВУЗов.

Стремиться нужно не ради самого факта обучения за границей, а с целью получить хорошие, качественные навыки, условия и умения, что в посредственном заведении, как Австрии, как Великобритании, как в США или в Казахстане – значительно сложнее, чем в достойном и признанном заведении.

Молодые люди во всем мире, всегда и везде ищут лучшей жизни. Молодые специалисты уезжают в другие государства, что не

может не волновать высшее руководство. Правительство нашей страны также обеспокоено ситуацией с утечкой мозгов и поэтому регулярно продвигает новые программы, направленные на поддержку молодым людям –

Михаил ЧУРСИН, менеджер компании Хуавей Текнолоджиз:

КазНУ даёт мощный импульс для развития

льготные условия по обучению, поиску работы, жилищные программы и многие другие инструменты. Другой вопрос в том, что не всегда эта информация широко распространяется и доступна всегда и везде, но тот, кто ищет, всегда находит.

Я обучался на гранте, хотя мог учиться платно за рубежом, я получал стипендию Президента и участвовал в самых разных программах, потому что был заинтересован в этом. Порой достаточно задать правильный вопрос, проявить должный интерес, чтобы получить то, что необходимо. У меня был выбор – остаться в Китае или продолжить свое развитие на Родине, и я сделал свой выбор в пользу родной страны, потому что верю в нее и чувствую, что мне тут комфортно.

– Соседний Китай. Фобии, факты и перспективы. Активно развиваются отношения Казахстана и Китая, но в народе часто бытуют заблуждения и страхи, что думаете об этом?

– Китай – безусловно удачный пример того, как в недалеком прошлом бедная и отсталая страна с большим грузом перенаселенности и перегруженности социальной инфраструктуры, смогла совершить «Большой скачок», «Китайское чудо», добившись таких результатов как самая крупная и успешная экономика мира, крупнейший производитель мира, больше 20 компаний китайского происхождения входят в топ-50 мировых лидеров. Для меня это говорит об одном, Китае

– лучший в своем деле, в деле построения экономики. А учиться всегда нужно у лучших. Нам, действительно, есть чему поучиться и научиться у КНР.

К сожалению, умами миллионов людей по всему миру правят стереотипы, которые формируются неверным восприятием и искажений разного рода информации. И на пороге глобализации, всеобщего мирового единения каждый человек должен стремиться правильно воспринимать то, что происходит вокруг и смотреть на мировые события широко открытыми глазами. Страхи, фобии, предрассудки – зачастую хороший инструмент, которым пользуются СМИ, политики и другие заинтересованные лица, нам же остается, грамотно и взвешено оценивать факты.

И тут большой факт в том, что КНР не ведет войн, за всю историю Китая ханьцы не выступали в качестве завоевателей, но достигали лидерства и господства другим путем. А то, как работает социальная система в КНР сегодня – показатель того, как имея тяжелый якорь, мешающий стремительному развитию, в виде 1,4 миллиарда человек, которых нужно кормить, содержать, лечить, обеспечивать условиями для здоровой жизнедеятельности, превратить в ресурс,двигающий страну вперед, неоспоримый факт мастерства руководства страны. И этот бесценный опыт доступен нам, ближайшим соседям, которым нужно «не бояться огня, а научить использовать его во благо».

– Современные реалии и возможности для выпуск-

ников КазНУ. Какие перспективы открываются перед теми, кто выбрал КазНУ? Чего могут добиться наши выпускники?

– Мне 29 лет, я работаю в Huawei крупной международной компании с китайскими корнями в сфере телекоммуникационного оборудования в качестве менеджера по работе с клиентами в нефтегазовом и горно-добывающем секторе. Работа, которая позволяет мыслить неординарно, решать самые разнообразные задачи и способствует постоянному росту.

Закончив магистратуру в Китае, я получил приглашение на собеседование, прошел несколько этапов. В итоге, после вручения диплома 25 июля, 6 августа я уже вышел на работу. Особенно приятно порадовал тот факт, что в первый свой рабочий день я встретил однокурсников и ребят, с которыми когда-то учился на родном востфаке. Сегодня у меня стабильная зарплата и возможность получения премии при условии выполнения рабочего плана, целая команда профессионалов с которыми совместно реализуем сложные проекты и продвигаем ключевые ценности компании. Я занимаюсь тем, что мне по душе, напрямую связано с моим образованием, в некотором смысле работа по специальности, так как каждый день общаюсь на китайском языке с поставщиками, партнерами и конечными потребителями, применяя навыки знания китайской психологии и восприятия мира, благодаря чему могу постоянно расти в профессиональном плане.

– И в конце, какие есть пожелания для наших студентов?

– Всегда задавайте вопросы, будьте, в хорошем смысле этого слова, наглыми и упертыми. Талант – это всегда лишь часть успеха, достигнуть которого возможно только приложив достаточно усилий и стараний.

КазНУ даёт мощный импульс для развития, следуйте возможностям, которые предоставляет университет и бросайте вызов самим себе.

Беседовала Алина НУРЖАЕВА, PhD, ст.преподаватель кафедры китаеведения факультета востоковедения

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс студенті Омар Закиров Махамбет оқуларынан мәнгерлеп оқу сайысының, айтыс өнерінің жүлдегері. Білімі мен қабілетін іс жүзінде шыңдап, шығармашылық ізденісте жүрген Омардың алға қойған мақсаттары мен арманы бар. Өлең жазып, ән айтуды, тамақ істеуді, қас қағым сәтті бейнеде ұстап, суретке түсіруді жаны сүйетін жас талант камерамен дос. Өзі жайлы айтқанды мүлде ұнатпайтын, сандықтың ашық тұрғанынан жабық тұрғанын құп көретін Омардың жан сарайына үңіліп көрдік. Тағы қандай қызығушылықтары бар екенін сұрап білдік.

Арманы асқақ Омар

– Омар, әлеміңіздің кеңдігін байқаймын. Меніңше, сіздің миссияңыз кино әлемінде өз туындыңызды жарыққа шығару сияқты...

– Маған кино түсіргенде ерекше көріністер жасауға ұмтылатындар ұнайды. Ақша, танымал болу – барлығы да қажеттілік, бірақ мақсат дұрыс болу керек деп ойлаймын.

– Бұл қызығушылықты оятуға себеп болған не?

– Бұл қызығушылықты оятуға себеп болған нақты бір нәрсе жоқ. Бірақ ағам белгілі бір дәрежеде әсер етті. Мен өз өмірімді сүргім келеді. Ешқандай орта не адамдар, сөз не өмірлік мың сан нәрсе әсер етпейтін жан тыныштығында өмір сүргім келеді.

– Жан тыныштық мекені сіз үшін қандай көріністі елестетеді?

– Маған киноға кино деп қарап жасалған туындылар ұнайды, ақша табу не танымал болу мақ-



сатында емес. Осы салаға бағытталдым не нақты мынандай жанр түрі ұнайды деп айта алмаймын.

Белгілі бір дәрежеде жан тыныштығын ұнататын, ешкімге тәуелді болмай өмір сүру маңызды деп ойлайтын, біреуге ұнау үшін, көңіліне жағу үшін істеген істен жаман ештеңе жоқ екенін айтқан Омардың ішкі жан әлеміне барынша үңілуге тырыстық. Өнер әлеміне қызығатын жас дарынның әлемдік нарыққа шығатын ұлттық дүлділ туындыларының болуын және арманын алақандай аялауын тілейміз.



Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн. Еліміз Тәуелсіздік мерекесін жылдан-жылға жоғары деңгейде атап өту шараларын жүргізіп жатыр. Таңғы ұйқыдан уайымсыз, соғыс дыбысынан ада оянудың өзі тәуелсіздіктің нышаны.

Тіл – тәрбие құралы

Тәуелсіздікті сақтау – біздің борышымыз. Елді қорғауды азамат ретіндегі парымыз деп санаймын. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл саясатының құзыреттілігі арқылы жүзеге асады. Қазақ тілі толығымен елдің басты қадіріне айналғанда, жастардың бойына елдің сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс барынша етене жақын болар ма еді деген сауал туындайды. Қазақ халқының тілі өте бай, орамды, көркем тіл. Тілде мемлекетіміздің тарихы жатыр.

«Жастар рухы» ұйымының төрағасы болып, 2022 жылдың наурыз айынан 2023 жылдың мамыр айына дейін қызмет атқардым. Біздің мақсатымыз – ұйым мүшелерінің өзін-өзі дамыту, өзінің жаңа қырларын ашу, жақсы қырларын көрсетуге үйрету, ашылмаған талантыңды көрсету, жастар-



ды саяси тұрғыдан дамыту. Өзім басқарған «Жастар рухы» ұйымының арқасында екі жыл қатарынан факультетаралық байқауда «үздік топ» атанғанбыз.

Асқар КАЛДИБЕГ,
география және табиғатты пайдалану факультетінің 2-курс студенті

Биотехнология – болашақтың ғылымы

Биотехнология – тірі организмдер мен молекулалық биологияны денсаулыққа байланысты өнімдер мен терапевтикалық құралдарды өндіру немесе процестерді жүргізу үшін (мысалы, ДНҚ-ның саусақ іздері) пайдаланатын ғылым саласы. Биотехнология медицина және фармацевтика саласында барған сайын маңызды рөлімен танымал.

Биотехнология – алынатын өнімнің ұтымдылығын, тиімділігін оңтайландыруға көмектесетін үлкен ғылым саласы. Биотехнология мамандығы ғылым ретінде заманауи биологияның маңызды бөлімі. Бұл ғылым саласы ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап дами бастады. Биотехнология

көптеген салаларды қамтиды. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығы, фармацевтика, тағам өнеркәсібі, биоэнергетика сынды салаларды қарастырады.

Биотехнология әртүрлі биологиялық өнімдерді алу, түрлі энергияның өзге көзін ашуға, көптеген биологиялық белсенді



қоспаларды алуға, тағамның құрамын анықтауға, антибиотиктер синтезін жасауға мол мүмкіндік береді. Бұл мамандық түрлі тірі ағзаларды өндірісте пайдалана отырып, олардан нәрлі заттарды алу үшін ген мен жасушаны биологиялық объект ретінде қолданады.

Қазіргі таңда биотехнология саласы қарқынды дамып жатыр. Елімізде ғылыми зертханалар ашылып және олардың күн санап артуы биотехнологияның қоғамға қажеттілігін көрсетеді деп пайымдаймын.

Перизат САЯСАТ,
биология және биотехнология факультетінің 2-курс студенті

Қазақ есімдері қалай қойылады?

Сәбиге кейбіреулер ел арасында кең таралған заманауи есімдерді қойса, келесілері ата-бабаларының, ұлы тұлғалардың ежелгі есімдерін береді. Қазақ дәстүрінде сәбиге қойылған есім тәлім-тәрбиелік дәстүрлермен, бағзы замандардан бері қалыптасып келе жатқан анемистік, тотемдік, магиялық наным-сенімдермен байланысты болатын. Дана қазақ халқы балаға есімді қоярда жақсылыққа ырымдаған немесе белгілі бір мақсат көздеген. Адамдарға қойылатын есім атаулары мен мән-мағыналары дәуірдің ауысуына байланысты өзгеріп отырған.

«Қорқыт Ата кітабын» негізге алсақ, ерте түркілер дәуірінде Қорқыт, Байындыр, Оғлан, Бұқаш, Дерсе, Ұлаш, Қарашық, Қазан, Қиян, Ерен, Бижан, Икенек, Домрул, Ұлан, Торалы, Бәрік, Бұрла, Бану Шешек, Бамсы сияқты түркіше есімдермен қатар, жыр желісінде Мәлік, Ораз, Фатыма, Мелек, Рүстем, Аруз, Әлмұш деген ислам аттары кездеседі («Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ, 1999: 124-199). Кейіннен қазақ даласында ислам дінінің таралуына, Сыр өңіріне қожалардың қоныс-

тануына байланысты араб есімдерін қою кеңінен етек жайды.

Жаңа туған сәбидің айрықша көзге түсетін, көз тартатын белгілеріне қарай: Қалдыбай, Қалдыгүл, Меңдібай, Меңдігүл, Құдрет, Сүндет, Сүндетәлі, Қалдан, Қалдаш деген есімдерді таңған. Көз тимесін, аман болсын деген оймен ерекше: Көтібар, Тоқтасын, Жүрсін, Жүрсінгүл, Тұрсын, Тұрсынбек, Тұрсынгүл, Жаманбай, Қойшыбай, Тезекбай деген есімдерді қойған. Қыз есімдеріне аспан әлемінің, аңдардың, бағалы тастардың, нәзік гүлдердің



атын қоятын. Бұл қатарға Лағыл, Қызғалдақ, Құндыз, Жұлдыз, Шолпан, Айгүл, Айым, Айкүнім, Күнсұлу, Айсұлу, Алтын, Гауһар, Жәудір, Еңлік, Күмісгүл, Раушан, Сәуле, Арайлым, Таңнұр, Құралай, Сұңқар, Қаршыға деген қыз есімдерін жатқызамыз. Сәбилі болуды жылдап аңсап-армандаған қазақ отбасы тұңғыштарына Тілеуберген, Тілеужан, Ұлдана, Ұлдай, Ұлжан, Арман, Мақсат, Мұрат, Қуаныш, Бақыт деген есімдерді қойған. Бұрын-соңды болған қару-жарақ аттарына байланысты ат қою дәстүрі де қалыс қалған емес: Қылыш, Балтабай, Мылтықбай, Шоқпарбек, Жебе, Найзабек. Солардай атақты, беделді елдің баласы болсын деп, Абай, Шоқан, Шәкерім, Мағжан, Әлихан, Керей, Махамбет, Исатай, Ыбырай, Міржақып, Сәкен, Сырым, Жәнібек есімдері қойылған.

Мару БАКАТ,
«Этнология және антропология» мамандығының 2-курс студенті



Кемпір Мүллішев «Нәзіктік аурасы»

ҚазҰУ-ға қош келдің, талапкер!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2023/24 оқу жылына талапкерлердің құжаттарын қабылдау басталды.



Қабылдау комиссиясы жұмысының салтанатты ашылу рәсіміне Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ләззат Еркінбаева қатысып, оқуға түсушілерге сәттілік тіледі.

Қабылдау комиссиясы таңертеңгі сағат 09:00-ден бастап, кешкі 18:30-ға дейін жұмыс істейді. Талапкерлер сенбі күні де қабылдау комиссиясының қызметіне жүгіне алады.

«Комиссия құрамына факультеттердің арнайы мамандары, тәжірибелі оқытушылар және декан орынбасарлары енгізілген. Олар кәсіби бағытбағдар, кеңес беру және бакалавриат, магистратура, докторантура, постдокторантура бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Комиссия мүшелері талапкерлерге онлайн және офлайн форматта сапалы әрі жедел қызмет көр-

сетеді. Сондай-ақ электронды кезек жүйесі іске қосылған», – деді қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, шығыстану факультетінің деканы Наталья Ем.

ҚазҰУ осы жылы келесі санаттағы азаматтар үшін бұрын-соңды болмаған 10 пайыз жеңілдікті ұсынып отыр. Атап айтқанда: ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы ҚР азаматтарына, толық емес және көпбалалы отбасыдан шыққан балаларға. Сонымен қатар биыл әскери борышын өтеген азаматтар Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтпей-ақ, жоғары

оқу орындарына ақылы негізде қабылданады.

Талапкерлер университеттегі мамандықтар туралы толық ақпаратты welcome.kaznu.kz сайтынан таба алады. Сондай-ақ ең қажетті әрі маңызды ақпараттар университеттің ресми сайты мен әлеуметтік желілердегі парақшаларында күнделікті жарияланып отырады.

Қабылдау комиссиясы ҚазҰУ қалашығында орналасқан «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында құжаттарды қабылдайды. Мекенжайы: Әл-Фараби даңғылы, 71/21.

Балаларға мерекелік қойылым ұсынылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық балаларды қорғау күнін ерекше атап өтті. Игі шараны ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы және Дене тәрбиесі кафедрасы ұйымдастырды. Кәсіподақ төрағасы Талғат Мекебаев барлық балалар мен олардың ата-аналарын құттықтап, сөз сөйледі.



конкурсқа қайталама шикізат пен тұрмыстық қалдықтарды міндетті түрде пайдалана отырып, сәндік-қолданбалы шығармашылықтың әртүрлі түрлерінен жасалған жұмыстар ұсынылды: пластикалық бөтелкелер, полиэтилен пакеттер, пайдаланылған бір реттік ыдыс-аяқтар мен қаптамалар. Барлық конкурстар мен үздік жұмыстардың жеңімпаздарына сыйлықтар, грамоталар және тәттілер табыс етілді.

Мерекеді балалар ата-аналарымен бірге спорттық эстафета мен асфальтқа сурет салу байқауына қатысты. Сондай-ақ балалар үшін Әл-Фараби кітапханасы мен биология факультетінің мұражайына экскурсия ұйымдастырылды. Алматы циркінің әртістері балаларға арнайы мерекелік қойылым көрсетті.

Гүл БАЯНДИНА



«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИ БАСЫЛЫМНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Байқауды ұйымдастырушы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің «Qazaq universiteti» газеті. Мекенжайы: Алматы қаласы, 050040, Әл-Фараби даңғылы, 71. Ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
- 1.2. Конкурсқа еліміздің барлық ЖОО студенттері қатыса алады.
- 1.3. Үміткерлердің материалдары конкурс жарияланған күннен бастап, 2023 жылдың 1 қазанына дейін қабылданады.
- 1.4. Конкурсқа келіп түскен материалдарды «Qazaq universiteti» газеті жанынан құрылған әділқазылар алқасы (конкурс комиссиясы) бағалайды.

2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ШАРТЫ

- 2.1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауында белгіленген бастамаларға сәйкес, үміткерлер өз мақалаларында патриотизм, Отанға сүйіспеншілік, білімге құштарлық, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, мемлекеттік тіл мәселесі тақырыбын қамтуы тиіс. Мұндағы мақсат – жастарды еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға тәрбиелеу, халқымыздың тарихы мен дәстүрін дәріптеуге бағыттау, еңбекқорлыққа баулу, студенттердің интеллектуалдық өлеуетін арттыру.
- 2.2. Конкурсқа арналған материалдар Times New Roman 14 шрифтпен 1 интервалында жазылып, көлемі 1,5 беттен аспауға тиіс. Сапалы суреттерін қоса жіберуге болады. Материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.
- 2.3. Конкурсқа арналған материалдар kaznugazeta@gmail.com электронды поштасына «Qazaq universiteti» газеті жүлдесі үшін конкурсқа» деген айдармен жіберілуі қажет.

3. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

- 3.1. Конкурс комиссиясының қорытындысы қазан айында шығарылып, жеңімпаздар «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналған салтанатты шарада марапатталады.
- 3.2. Конкурс комиссиясының шешіміне сәйкес, үздік деп танылған материалдардың авторларына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан арнайы диплом мен жүлделер тапсырылады.
- 3.3. Марапаттау рәсімі өтетін уақыт пен орын қосымша хабарланады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.